

Жалағаш ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтерін белгілеу туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 06 желтоқсандағы № 268 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жалағаш ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жалағаш ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданы әкімінің міндетін атқарушы

А. Нұрмағанбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Жалағаш аудандық мәслихатының
2024 жылғы 04 қыркүйектегі № 23-1 шешімі
Төраға У.Елеусинов 04 қыркүйек 2024 жыл

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2024 жылғы "06" желтоқсандағы
№268 қаулысына қосымша

Жалағаш ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері

№	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары	Тарифтік бағасы (теңге)
1	Жалағаш кенті – Жаңадария ауылы	400
2	Жалағаш кенті – Аққыр ауылы	500
3	Жалағаш кенті, Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Жалағаш аудандық отбасын қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жалағаш	100

	аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (аудандық емхана)	
4	Жалағаш кенті, Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Жалағаш аудандық отбасын қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жалағаш аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (аудандық аурухана)	100